



### ОДАҚ ПРЕЗИДЕНТІ С.С. СҰЛТАНҒАЛИДІҢ ОТАСТАВКАСЫ

**2024 жылдың 23 сәуірінде** сайланғаннан екі жылдан кейін ҚР Сәулетшілер одағының президенті Сұлтанғали Серік Сұлтанғалиұлы Одақ Басқармасына жеке мәселелеріне байланысты отставкаға кететіні жөнінде шешімін жеткізді. 26 сәуірде Одақ Басқармасы мүшелерінің қатысуымен онлайн отырыс өткізіліп, онда С.Сұлтанғалидің үндеуі қабылданды. Одақ Жарғысына сәйкес жаңа президентті Одақ мүшелерінің Съезі ғана сайлай алады. Оған дейін президенттің міндетін уақытша бірінші вице-президент Садырбаев Ғабит Сұлтанғалиұлы орындайды.

**Басқарманың 5 маусымдағы отырысындағы шешім бойынша Одақтың кезектен тыс XVIII Съезі 2024 жылдың 14 қыркүйегінде Қ.Сәтбаев университетінің мәжіліс залында өтеді (Алматы қ., Сәтбаев көш.22).**

### СӘУЛЕТШІ АЛЬБИНА ПЕТРОВА ӨМІРДЕН ОЗДЫ



**2024 жылдың 5 мамырында** Қазақстанға еңбегі сәулетшісі Альбина Анатольевна Петрова қайтыс болды. Новосибирскідегі Инженер-құрылыс институтының Сәулет факультетін (1957) аяқтағаннан кейін, Альбина Анатольевна сәулетшіден бастап, аға сәулетші, сәулетшілер тобының жетекшісі, ал 1960 жылдан бастап жобалардың бас сәулетшісі болып, еңбек жолын өткен.

Альбина А. Петрова Алматы қаласының бірқатар ірі нысандарын жобалаған. Олардың арасында: ҚР Ұлттық кітапханасы (1966-1990), В.И.Ленин (қазір Достық) атындағы даңғыл құрылысы – сауда кәсіпорындары бар 9 және 12 қабатты үйлер, ҚазКСР БасЖоспары ғимараты, Алматы қ. 25 мың нөмірлік орталық АТС, Алматы мақта-мата комбинатының мәдениет үйі – авторлары Петрова А.А., Мұстафина З., Жақыпова Г. 1973, сондай-ақ Астана қ. Үкіметтік ғимараттар кешені, Парламент ғимараты – авторлары Монтахаев Қ.Ж., Петрова А.А., Б.В. Гоновтың қатысуымен) және т.б. нысандар. А.А. Петрова отандық сәулет өнерінің дамуына сүбелі үлес қосты. Оның еңбек жолындағы жетістіктері: «Еңбек сіңірген сәулетші» (1982), «Еңбек ардагері» (1986) медалі, ҚазКСР Құрмет грамотасымен, KAZGOR-дың құрметті академигі (2000), т.б. мемлекеттік және қоғамдық атақ-марапаттармен мойындалған. Оның сәулеттік жобалары сапалы сәулет үлгісі және қалаларымыздың ажарландырып тұрады.

### ARNITAS 2024 СӘУЛЕТ КОНКУРСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**2024 жылдың 12 сәуірінде** «ARNITAS 2024» атты шағын сәулет нысандарын әзірлеу бойынша конкурстың нәтижесі мен жеңімпаздары жарияланды. Іс-шараны KAZGOR, NURTAU гольф-клубы, Алматы қ. Сәулет және урбанистика басқармасы мен ARNITAS компаниясы демеушілік етті. Конкурсқа жақын және алыс шет елден 250 өтініштен барлығы 68 жұмыс келіп түсті. Қатысушылар 3 тақырыптың біреуіне шағын сәулет нысанының (ШСН) нобай жобасын жасау ұсынылды. Қазылардың дауыс беруінің нәтижесінде әр номинацияда келесі жеңімпаздар анықталды:

Көше жиназы мен ШСН:	Түрік стиліндегі ШСН:	Ұлттық стильдегі арт-нысан
1) Яскевич Владимир	1) Егембердиев Шадияр	1) Сейдаханов Илияс
2) Товмасян Нерсес	2) Баелева Виктория	2) Нилдашева Талшын
3) Rastvorgroup	3) Яскевич Владимир	3) Си Ван Сян Алина

«Қолмен жасалған үздік жұмыс» аталымындағы сертификатты Ержан Сейітжанов жеңді. Жеңімпаздарға 1-ші орынға 200 000тг, 2-ші орынға 100 000 тг және 3-ші орынға 50 000 тг ақшалай сертификаттар, сондай-ақ демеушілерден кәдесыйлар мен KAZGOR ұсынған сәулет бойынша кітаптар табысталды. Сонымен қатар әр аталымда 1-ші орын алғандар ARNITAS 2024 логотипі бар конкурс кубогымен марапатталды. Конкурс жоғары деңгейде өтті. Іс-шарада жақсы көңіл-күй мен жақсы ой-пікірлер айтылды!



### «ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР». ТОҚЫМА СӘУЛЕТІ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ АТТЫ СЕМИНАР-WORKSHOP-Ы

**2024 жылдың 25-26 сәуірінде** KAZGOR-да «Құрылыстағы жаңа технологиялар. Тоқыма сәулеті – тұрақты даму» атты семинар-workshop өтті. Семинарды тент және мембрана материалын қолдана отырып нысандар мен құрылыстарды жобалау, өндіру, салу және орнатумен айналысатын APS Engineering қазақстандық компаниясы жүргізді. Семинардың бірінші күні ұйымдастырушылар компания мен оның өнімі туралы айтып берді. Азиядағы тоқыма сәулет, Serge Ferrari (Франция) компаниясы өндіретін материалдардың қасиеті, әр түрлі құрылыстар мен мембрана құрылыстарын қолдану саласы мен жобалау технологиясы туралы көп материал ұсынылды. Түстен кейін ұйымдастырушылар мен қатысушылар екі нысанға барып келді. Қатысушыларға Ш.Уәлиханов ат.мектебінде бірегей тенттік құрылымдар, ал «Мирас» мейрамханасы қасбетінің тенттік материалмен қапталуы және террасадағы тенттік құрылма, сонымен бірге бекіту тетіктері мен материалдары көрсетілді.

Семинардың екінші күні интерактивті түрде өтті. Кеңес бөлмесі шеберханаға айналды. Ұйымдастырушылар қатысушыларды Rhinoceros бағдарламасымен таныстырып, құрылымдарды 3D форматта моделдеу туралы айтып берді. Содан кейін қатысушыларды бірнеше топқа бөліп, оларға 1:100 масштабында тоқыма материалынан макет жасауға тапсырма берілді. Командалар тапсырма алғаннан кейін тұжырымдарын жасап, макет түріндегі ойларын жеткізді. Тапсырманы Алматының әр түрлі сәулет жоғары орындарының оқытушылары мен студенттері және KAZGOR сәулетшілері орындады. Екі күннен кейін семинар қорытындыланды. Семинарға қатысушылар өздері туралы айтып, іс-шарадан алған әсерлері мен ой-пікірлерін айтты. Семинар соңында APS Engineering директоры мен KAZGOR президенті қатысушыларға сертификаттар тарту етті.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Қоғамдық Кеңістіктерге арналған Тенттік Павильондар дизайнын жасау бойынша қазақстандық конкурс. Жұлде қоры – 1 000 000 тг. 2024 жылдың 25 маусымына дейін +7 701 755 3747 W/App (Айнұр Илиясова) бойынша тіркеліп, жұмыстарды жолдау қажет.

### ОДАҚҚА ЖАҢА МҮШЕЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

**2024 жылдың 22 мамырында** Одақтың Қабылдау комиссиясы мен Астананың жас сәулетшілерімен жиын өтті. Қабылдау комиссиясының мүшелері жеті жас сәулетші – Аппасова Нәйлә Темірғалиқызын, Бекболатов Мейіржан Сейітжанұлын, Суанбек Жүсіп Аманатұлын, Оспанов Ержан Сәкенұлын, Тәжібаев Ербол Шатырханұлын және Халық Азамат Бақтыбайұлын Қазақстанның Сәулетшілер одағының мүшелері атануымен құттықтады.



### «ЖАҢА ҚАРАҚОРИМ» КОНКУРСЫ

Моңғолия Президенті, Ұлттық жиналысы мен үкіметінің бастамасымен «Жаңа Қарақорым» атты Моңғолиядағы жаңа қаланың бас жоспарына конкурс жарияланды. Конкурсқа 54 елден 428 өтініш, соның ішінде Қазақстаннан да өтініш келіп түсті. 2022 жылы Моңғолия Президенті елдің ежелгі астанасы – Қарақорым қаласын қалпына келтіру жөнінде жарлық шығарды. Жарлыққа сәйкес ел үкіметі Шинэ Харахорин атты жаңа қала әкімшілігін құру мен дамыту туралы бұйрыққа қол қойды. Жоспарға сай Шинэ Харахорин қаласы:

- Моңғолияның ұлттық мұрасын бойына сіңірген заманауи, ақылды және қала тұрғындарына ыңғайланған болуы керек;
- Қала аумағы Ұлан-Батыр қаласынан 5 есе үлкен болуы тиіс: аумағы 183,1 мың га аймақ жоспарға кірмек;
- Кейін адам саны ұлағау мүмкіндігі болатындай алғашқы кезеңде қалада 500 мың адам тұрады;
- Алғашқы кезеңде қалада 283 мың жаңа жұмыс орны құрылады.

Конкурсқа 9 маманнан кем болмайтын моңғол және шет ел ұйымдары мен топтары қатыса алады. Тендерде көрсетілгендей бір ай тіркелуге және үш ай тұжырымдама жасауға жұмсалуды тиіс.

Тендердің өзі үш кезеңнен тұрады. Қатысушылардың жұмыстары көпшілікке онлайн (<https://encompetition.kharkhorum.gov.mn/>) және көрмеде ұсынылатын болады.

Соңғы іріктеуді моңғол және шет ел сарапшыларынан құралған комиссия жүргізіп, олар бес үздік топты таңдайды.

Конкурстың жұлде қоры: 1-ші орын 750 000 000 MNT (\$222 288); 2-ші орын 400 000 000 MNT (\$118 553); 3-ші орын 200 000 000 MNT (\$59 276); 4-ші орын 150 000 000 MNT (\$44 457) және 5-ші орынға 100 000 000 MNT (\$29 638).

### БЕЛАРУСЬ СӘУЛЕТШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Тәжірибе алмасу аясында 7 мамырда Беларусь елінің Республикалық сәулетшілер үйінде белорус және Қазақстан Сәулетшілер одағының өкілдері Ғабит Садырбаев пен Әркінжан Мәметовпен кездесу өтті. Басқосу кезінде шығармашылық одақтардың ұлттық сәулет өнерін насихаттау бойынша ынтымақтастық туралы келісімшартты даярлау жөнінде бірлескен іс-қимылдар анықталды.



### Х-ШЫ НОПРИЗ КОНКУРСЫ

Сәтбаев университетінің «Сәулет» кафедрасының оқытушысы Төлеп Алмас Ерболұлы НОПРИЗ (Зерттеушілер мен жобалаушылардың ұлттық бірлестігі) атты Х Халықаралық кәсіби конкурсқа қатысып, үздік сәулет жобасы б-ша (Заманауи өнер мұражайы) I дәрежелі диплом лауреаты атанды.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Одақ пен KAZGOR-дың «СКЕТЧИНГ 2024» конкурсы. Жұмыстар 24.06.2024 дейін қабылданады. Жұлде қоры – 100 000 тг. және KAZGOR-дан кәдесыйлар. Конкурс шарты @kazgor.kz-те.